



# Maghan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 8 (859) 27 ақпан 2025 жыл

www.facebook.com/Maghan zhuldizi

https://vk.com/Maghan zhuldizi

e-mail: maghan.zhuldizi@yandex.kz

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ

ГРЕК-РИМ КҮРЕСІ



## 30 ЖЫЛДЫҚ ӨРІС

30 жыл бұрын 1995 жылдың 1 наурызында ҚР Президентінің «Қазақстан халықтары Ассамблеясын құру туралы» Жарлығы шықты, 2007 жылдан бастап ол Қазақстан халқы Ассамблеясы болып өзгертілді. Осы уақыт ішінде Ассамблея консультативтік-кеңесші органнан парламенттік өкілдік ету құқығымен Конституциялық институтқа айналды.

ҚХА төрағасының орынбасары - ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Мәрат Әзіпханов өзінің «Қазақстандық шындық» мақаласында: «Ассамблея қоғамдық келісім мен жалпұлттық бірліктің қазақстандық моделінің өзегіне айналды. Ол құру кезінде өзіне жүктелген миссияны абыроймен орындады және біздің елімізге өлеуметтік-экономикалық және саяси қайта құруларды тыныш, дәйекті және табысты жүзеге асыруға - бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанды құруға мүмкіндік берген қоғамдағы этносаралық тұрақтылықтың негізгі факторларының бірі ретіндегі өзінің маңызын іс жүзінде растады», - деп жазды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында: «Берік бірліктің арқасында біз өз тәуелсіздігімізді нығайтып, халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін жағдай жасадық. Бұл уақыт жасампаздық пен прогресс, бейбітшілік пен келісім кезеңіне айналды», - деді. Мемлекет басшысы Ассамблея - елдің саяси жаңғыруында маңызды рөл атқарғанын, реформаларды қоғамдық қолдауды кеңейтуге, барлық этностарды мемлекет дамуының стратегиялық міндеттерін шешуге тартуға ықпал еткенін атап өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30-жылдығының мерейтойлық жылы 1 наурызда, яғни Алғыс айту күні және Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні басталады. Көктемнің алғашқы күнін қазақстандықтар дәстүр бойынша «Алғыс» деген жылы сөзбен қарсы алады. Биылғы жылы бұл мереке мұсылмандар арасында қасиетті Рамазан айының басталуымен және славян мерекесі Масленицамен тұспа-тұс келді. Бүгінде біздің елімізде бейбітшілік пен келісімде 100-ден астам этнос өмір сүреді. Біз бәріміз бірге қалалар мен елді мекендер салып, жас ұрпақты тәрбиелейміз, болашаққа жоспар құрамыз. Бірге жетістіктермен бөлісіп, ең қиын сәттерде бір-бірімізді қолдаймыз. Бүгінде біздің ауданда 20-дан астам этнос өкілі тату татті тұрады. Қоғамдық келісім мәселелері - 10 этномәдени бірлестік, аналар кеңесі, ақсақалдар кеңесі, ардагерлер кеңесі, қоғамдық медиаторлар, еріктілер, меценаттар, ауданның үкіметтік емес бірлестіктері үшін құнды мәнге ие.

Мерейтойлық жылы ауданда ондаған іс-шаралар, акциялар, фестивалдар, көрмелер, концерттер, спорттық жарыстар жоспарланған. 1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күнін мерекелеу, сондай-ақ «Этноқұрылтай - 2025» атты ауданның этномәдени орталықтарының фестивалі маңызды іс-шараға айналмақ. Қазақстан халқы Ассамблеясының мерейтойы отыз жылдықтың тарихына тереңірек үнілуге, бар жақсылықты көруге, туған елімізде өмір сүруге және оны күн сайын жақсартуға деген мақтанш пен ризашылықты сезінуге мүмкіндік береді!

Сауле НҰРҚАЙДАРОВА,  
ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

## ЗАРАП СҰҢҚАР - ҮШ ДҮРКІН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ

Мағжан Жұмабаев ауданы балалар-жасөспірілер спорт мектебінің тәрбиеленушісі Зарал Сұңқар Алматы қаласында өткен грек-рим күресінен Қазақстан чемпионының иесіне айналды. Осылайша, Сұңқар үш дүркін ел чемпионы атанды. Бұған дейін ел 44 келіде өнер көрсетсе, екінші рет 48 келіде бақ сынаған, биыл 51 келі салмақта белдесті, жеңімпаз атанып отыр.

Ел чемпионатының үш дүркін чемпионы атандым. Бұл жарысқа мен жаттықтырушым Жақсылық Ербатырұлы Аленовпен бірге, 1 жыл бойы дайындалдым. Ол өрқашан жанымда болып, бар ақыл-кеңесін айтып, жаттығуларды қарқынды әрі сапалы өткізіп келді. Мен де барымды салып жаттықтым. Сол үшін бапкеріме шынайы алғысымды білдіремін, - дейді чемпион ағынан жарылып.

Биыл Сұңқар 51 келі салмақта өнер көрсеткен отыздан астам баланың ішінен оқ бойы озып шықты. Бұл кілемде ол Ұлытау, Қызылорда, Жамбыл, Шығыс Қазақстан балуандарымен кездесіп, атық сында Алматы қаласының спортшысын 7-5 ұлаймен жеңген.

2008 жылдың 5 қаңтарында Қарақоға ауылында дүниеге келген Зарал Сұңқар сегіз жасынан бастап күреспен айналысып келеді. Осы аралықта жеткен жетістіктері бір төбе, 44 келі салмақ дәрежесінде ол Азия чемпионатының қола жүлдегері, Испания қаласында өткен Халықаралық турнирдің жеңімпазы, оған қоса, жас балуан республикалық және басқа да айтулы жарыстардың жеңімпазы әрі жүлдегері.

Ел чемпионы ретінде Сұңқар



енді Қазақстан Республикасының қорғайтын болады. Сондықтан құрамасына алынып, Азия және Әлем чемпионаттарында ел намысын сәттілік пен жеңіс тілейміз.

ҚЫСҚЫ ПРЕЗИДЕНТТІК КӨПСАЙЫС

## НАДЕЖДА СКРИПНИКОВА - ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ



Мағжан Жұмабаев ауданы құрама командасының белді мүшесі - Надежда Скрипникова Петропавл қаласында 22-25 ақпан аралығында өткен қысқы Президенттік көпсайыста Қазақстан чемпионы атанды.

Облыс құрама командасы сапында 70 және одан жоғары жас тобында бақ сынаған Надежда Николаевна бүкіл өмірін дене шынықтыру мен спортқа арнаған адам. Жылдар да, проблемалар да, жауапты жұмыс та оны спортқа деген құштарлығынан айырған жоқ. Еңбек сіңірген демалысқа шыққанға дейін Н.Н. Скрипникова ауыл өкімдігінде бас маман болып қызмет етті. Бірақ ауыл әйелінің барлық жұмысты иріп алатын қабілетімен ерекшеленетіні белгілі.

Ол жазғы және қысқы көпсайыстан аудандық және облыстық деңгейде өткен бірде-бір жарысты жіберіп алмаған және жоғары дайындық пен жеңіске деген ерекше құлшыныстың нәтижесінде талай рет жеңістің биік тұғырына көтеріліп спортшы. Атап айтар болсақ, оның спорттағы жеңістерінің саны таңқаларлық. Мәселен, жазғы көпсайыста ол 28 дүркін чемпион атанса, қысқы көпсайыста бұл көрсеткіш одан да әсерлі - ол 40 дүркін чемпион болған жан. Бұған дейін Надежда Николаевна волейболмен де айналысып, Возышевқа құрама командасының құрамында 23 жыл өнер көрсеткен майталман спортшы.

Еркін ТӨЛЕГЕВ

# МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУ - АУДАН ҮШІН МАҒЫЗДЫ МІНДЕТ

Алғашқы сұрақ бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолшаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі басшысының м.а. Сайран Мәжитов сөйлеп, 2024-2025 жылдарға арналған жылғы маусымның басталуы аудан әкімдігінің 2024 жылғы 20 қыркүйектегі № 191 қаулысымен өткен жылдың 25 қыркүйегінде басталғанын айтты. Баяндаушының мәліметінше, ауданда барлығы 61 қазандық бар, оның ішінде 1 орталық, 7 жергілікті, 53 автономды.

- НПС кентіндегі орталық қазандыққа «Булаев су» ЖШС қызмет көрсетеді, көмір қоры - 70 тонна, таулігіне шығын - 3 тонна, тариф 1 м2 үшін айына 413 теңгені құрайды. Булаев қаласының әкімдігі 36,0 млн. теңге сомасына блокты-модульді қазандық (БМК) сатып алып, орнатты (жеткізуші «Қостанай қазандық зауыты» ЖШС).

Білім беру объектілері бойынша ауданда 45 білім беру нысаны жұмыс істейді: 39 мектеп және 2 балабақша (мемлекеттік) 4 қосымша білім беру ұйымы, «Салпронат» ЖШС сенімгерлік басқаруға 19 ұйым берілді, бөлім 25 нысанды дербес жылытады, оның ішінде 20 нысанда автономды жылыту бар, 2 нысан электр қуатымен жылытылады және 3 нысан пешпен жылытылады, ал «Писаревка ОМ» КММ «Агро-Профи» ЖШС жылытады. 8 дана көлемінде жылыту қазандықтары (Ганькино, Колос, Пролетарка, Пулеметовка, Майбалық, Александровка, Успенка, Фурманов мектептеріне), сондай-ақ 6 объектіге (Батыр Баян атындағы мектеп-гимназиясы, №2 Булаев ОМ, Булаев мектеп-балабақша-бөбекжай кешені, Возвышенка ОМ, Мағжан Жұмабаев атындағы орта мектеп, қосымша білім беру орталығы) блокты-модульді қазандықтар (БМК) сатып алынды.

Білім беру объектілерін жылыту үшін бөлім 6474 тонна көмір, яғни 100% сатып алды. Бүгінгі таңда көмірдің қалдығы - 2433,3 тонна. Булаев қаласында 4 мектепке 2400 тонна көмір сатып алынды, ол 100% құрайды. Бүгінгі таңда көмірдің қалдығы - 690,5 тонна. Возвышенка ауылындағы балабақшасы 66 тонна көмірді дербес сатып алды. Бүгінгі таңда көмірдің қалдығы - 26,8 тонна.

«Салпронат» ЖШС жыл сайын 4500 тонна көмір сатып алады, бүгінгі таңда 3000 тонна жеткізілді, енді 700 тонна жеткізіледі деп күтілуде. Бүгінгі таңда 330 тонна көмір қалды.

Денсаулық сақтау нысандары бойынша барлығы 53 нысан, оның ішінде 44 медициналық пункт, 2 ФАП (Полудино ауылы, Қарағанды ауылы), 4 дәрігерлік амбулатория (Возвышенка ауылы, Қарақоға ауылы, Советское ауылы, Чистовское ауылы), емхана, орталық аудандық аурухана, оңалту бөлімшесі. Орталық аурухана мен емханаға «Агро-Профи» ЖШС қызмет көрсетеді. Денсаулық сақтау объектілерін

25 ақпан күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен аппараттық кеңес өтіп, оған Булаев қаласы мен ауылдық округ әкімдері, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары және шақырылғандар қатысты. Кеңесте аудандағы жылыту маусымының өтуі және мал шаруашылығын дамыту мәселелері қаралды.

жылыту үшін 1100 тонна көмір, яғни 100% сатып алынды. Бүгінгі таңда көмірдің қалдығы - 636 тонна.

Мәдениет нысандары бойынша 13 мәдениет нысаны мониторингте тұр, аудандық Мәдениет үйі мен Советское ауылындағы Мәдениет үйі «Салпронат» ЖШС сенімгерлік басқаруға берілді. Мәдениет нысандарын жылыту үшін 1773 тонна көмір, 100% сатып алынды. Бүгінгі таңда көмірдің қалдығы - 322,1 тонна.

Ағымдағы кезеңнің жылыту маусымы шаттық режимде өтуде, Полудино ауылдық мәдениет үйінде жылыту қазандығының апаты болды (қазандық ауыстырылды). Қарағанды ОМ жылыту жүйесін, НПС кентіндегі қазандықтың жылу трассасын жөндеу талап етіледі. 2025-2026 жылдарға ауылдық округ әкімдерінен қазандықтарды ауыстыру немесе жөндеу бойынша өтінімдер түскен жоқ.

Аудан аумағында көмір жеткізетін 3 станциясы бар: «Юна LTD» ЖШС, «Альянс Жолы» ЖШС, «Қызыл-ту Көмір» ЖШС. Жалпы алғанда - 1 746,6 тонна көмір бар, - деді Сайран Қажжанұлы.

- Облыс әкімі Ф.Т. Нұрмұхамбетовтың 2024 жылғы 25 қарашадағы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің отырысында берген хаттамалық тапсырмасына сәйкес жылыту маусымының үздіксіз өтуіне, оның ішінде: барлық қазандықтардағы 2 айлық көмір қоры бойынша, өңірлік көмір операторларымен тұйықтарға көмір жеткізу жоспарларын орындау бойынша тұрақты бақылау жүргізу қажет.

Аудан бойынша әлеуметтік-мәдени маңызы бар барлық нысандарда жылыту маусымының тоқтаусыз өтуін, температуралық режимнің сақталуын, көмір қорының жеткілікті болуын ерекше бақылауда ұстау керектігін ескертемін. Әкімнің орынбасарына жылыту маусымының соңына дейін жылу режимін және көмірдің болуын ерекше бақылауда ұстауды тапсырды, - деді Рахат Назымбекұлы.

Содан соң, ауданның ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің басшысы Әлібай Құсайынов сөз алып, мал шаруашылығын дамыту туралы ақпарат ұсынды. Жол картасына сәйкес агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласында мал шаруашылығы саласына ерекше назар аударылуда. Мәселен, 2024 жылы аудан бойынша мал шаруашылығының жалпы өнімінің көлемі - 8 254,7 млн.теңгені, ЖКИ - 102,3% құраған.

- 2024 жылдың қорытындысы бойынша аудан бойынша шаруашылықтардың барлық

санаттарында мал шаруашылығы өнімін өндіру: өт (тірі салмақта) - 3 172,2 тоннаны, сүт - 23 723,1 тоннаны, жұмыртқа - 5 625,0 мың дананы құрады.

Әрбір ауылдық округте мал шаруашылығымен айналысатын ұйымдасқан шаруашылықтар бар, бірақ барлық ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мал шаруашылығы өнімдерін (ет, сүт) өндіру бойынша статистикаға есеп бермейді. Сондықтан бұл жұмыстарды ауылдық округ әкімдерімен бірлесіп атқару қажет.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ауданның ауыл шаруашылығын құрылымдары 9 млрд. теңге сомасына мал шаруашылығы өнімдерін өндірі. Жалпы негізгі үлесті Мағжан а/о - 11,2% (сүт және өт өндірісі), Бәйтерек а/о - 11,5% (сүт), Чистов а/о - 10,8% (өт), Ноғайбай а/о - 10,2% (сүт), Полудин а/о - 9,6% (сүт, өт) қосты. Ал Ақжайық, Алтын дән, Бастомар, Лебяжье, Молодогвардейское және Булаев қалалары сияқты округтерде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге қатысу үлесі тым төмен. Сол себепті бұл округтерде мал шаруашылығын дамыту бойынша жұмыстарды жандандыру қажет.

2025 жылғы 1 қаңтардағы статистика департаментінің деректері бойынша аудан бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында ауыл шаруашылығы жануарларының басы келесідей: ІҚМ - 19,3 мың бас, оның ішінде сиыр - 9,7 мың бас, қой - 20,4 мың бас, жылқы - 9,1 мың бас, шошқа - 2,0 мың бас, құс - 74,9 мың бас.

АӨК саласында өнім өндіруді ұлғайту шеңберінде облыс аудандарына 2025 жылға, оның ішінде мал шаруашылығы саласы бойынша жоспарлар жеткізілді. Осыған байланысты индикаторлар әзірленіп, аудан әкімдеріне тапсырмалар жүктелді. Кестеде ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларының санын көбейту жөніндегі жоспарлы тапсырмалар көрсетілген. Бұл көрсеткіштердің барлығына қол жеткізуге болады және ол үшін ауданда барлық мүмкіндік бар.

Өткен жылдан бастап ауданда сүтті мал шаруашылығында 4 жобаны («Полудинское» ЖШС, «НурСен Агро» ЖШС, «Ноғайбай» ЖШС, «СК Агро 2050» ЖШС) іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бұл жұмыс істеп тұрған 3 сүт фермасының кеңеюі және жаңа сүт көшінінің құрылысы. Бұдан басқа, ағымдағы жылы ауданда тағы 3 жаңа жобаны («ЖНВ» ЖШС, «Агрокомплекс Сулышок» ЖШС, «Альжан Жуан» ЖШС) іске асыру жоспарлануда, оның ішінде: 600 және 400 басқа арналған СТФ

құрылысы бойынша 2 жоба және 10 мың басқа арналған өт бағытындағы құс фермасын салу жобасы.

Сөз соңында айтарым, ауылдық округ әкімдерінің, шаруашылық басшыларының назарын саланы одан әрі дамытуға, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге және қайта өңдеуге аударғым келеді. Өйткені, ауыл шаруашылығының бұл бағыты шаруашылық жүргізуші субъектілердің өндірістік процестерін (ет, сүт өндіру және өңдеу) ынталандырып қана қоймайды, сонымен қатар жыл бойы жұмыспен қамтуға және ауданымыздың ауыл халқының табысын ұлғайтуға мүмкіндік береді, - деді Әлібай Нұрбайұлы.

- Мағжан Жұмабаев ауданы - ауыл шаруашылығы өңір болғандықтан біз тиісінше, есімдік өсіру мен мал шаруашылығын дамытуға, олардың өнімдерін өңдеуге үлкен көңіл бөлуіміз керек. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Агроөнеркәсіптік кешен экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күштерінің біріне айналуы тиіс. Бұған бизнес те, мемлекет те мүдделі. Ең алдымен, бұл азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды. Ауыл тұрғындарының өмірі мен ел-ауқаты да саланың жай-күйіне тікелей байланысты» - деген болатын. Бұл бағытта біз ауқымды жұмыстар атқаруды жалғастырамыз. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен кездесулер өтіп жатыр, онда біз олардың жыл бойы атқарған жұмыстары мен алдағы жоспарларын қарастырамыз. Меморандум аясында айқындалған шаралардың іске асуын бақылауда ұстаймыз.

Облыстық ауыл шаруашылығы алқасында айтылған тапсырмаларға сәйкес біздің алдымызда 2025 жылға арналған үлкен міндеттер тұр. Жоғары маржиналды дақылдарды ұлғайта отырып, егіс алқаптарын әртараптандыруды жүргізу қажет:

- Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемін 333,6 %-ға дейін ұлғайту;
  - Ауыл шаруашылығы дақылдарының эпиталық тұқымдарының үлесін 11,2 %-ға дейін ұлғайту;
  - Машина трактор паркін 7 %-ға жаңартуды жүргізу;
  - Жаңа мал шаруашылығы объектілерінің құрылысын қамтамасыз ету;
  - 3300 бас ірі қара мал басын өкелуді қамтамасыз ету;
  - Ауыл шаруашылығының ЖКИ - 109,4 %-ға жеткізу;
  - АӨК негізгі капиталына 173 млрд. теңге инвестиция тартуды қамтамасыз ету.
- Осы тапсырмалардың орындалуы хаттамаға сәйкес ұйымдастырылсын, - деді кенесті қорытындылаған аудан әкімі.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

## МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

### ДЕПУТАТТАР 50% МӨЛШЕРІНДЕ ЫНТАЛАНДЫРУШЫ ҮСТЕМАҚЫЛАРДЫ БЕКІТТІ

26 ақпан күні сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың жиырма бесінші сессиясы өтіп, оған аудан әкімінің орынбасары Достан Тасмағанбетов, Булаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері, мемлекеттік мекемелердің басшылары қатысты.

Күн тәртібіне Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының 2024 жылғы 24 желтоқсандағы № 22-«Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының 2025-2027 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, ауылдық округтердің және Булаев қаласының 2025-2027 жылдарға арналған бюджеттеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандырушы үстемеақылар белгілеу туралы мәселелер шығарылды.

Жоғарыда аталған барлық сұрақтар бойынша экономика және қаржы бөлімінің басшысы Азамат Қыраубаев сөйлеп, ауқымды баяндама жасады.

Депутаттар D блогына (қосалқы персонал) және жұмысшыларға (біліктілік разряды) жататын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына 50% мөлшерінде ынталандырушы үстемеақыларды бекітті.

Үстемеақылар мынадай лауазымдарға қолданылады: жүргізуші, тазалаушы, іс жүргізуші, от жағушы, комендант, курьер, әдіскер, мүгедектіктен жұмыс жөніндегі әдіскер, спорт әдіскері, компьютерлік техника операторы, қызметкер (жұмысшы), ғимарат бойынша жұмысшы, ауыстыру жөніндегі редактор, хатшы, басшының хатшысы, статистик, күзетші, күзетші-от жағушы, қызметтік үй-жайларды тазалаушы, қорғаныс бөлімінің есепші қызметкері, қорғаныс бөлімінің техникалық қызметкері, электрик.

Бұл шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Сессия жұмысының қорытындысы бойынша барлық мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданды.

## САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ



### ЖОЛ КАРТАСЫН ОРЫНДАУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

26 ақпан күні «AMANAT» партиясының Мағжан Жұмабаев аудандық филиалы Саяси кеңесі Бюросының отырысы өтіп, күн тәртібінде Мағжан Жұмабаев ауданы бойынша 2023-2027 жылдарға арналған «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша 2024 жылға арналған Жол картасын орындау, партия мүшесінің, Алтын дән және Мағжан ауылдық округтері әкімдерінің 2024 жылы атқарған жұмысы туралы есеп, Мағжан

Жұмабаев ауданы мәслихатында «AMANAT» партиясы фракциясы депутатының 2024 жылы атқарған жұмысы туралы есеп мәселелері қаралды.

Отырысты «AMANAT» партиясының Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының төрағасы Төлеген Әбілмәжінов ашып, жүргізіп отырды. Баяндаушылар тыңдалған соң, бюро мүшелері дауыс беріп, тиісті қаулылар қабылданды. - 2023 жылдың маусым айында Мәжілістегі партия фракциясының

кеңейтілген отырысында «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған Жол картасы және 20 аймақтық жол картасы бекітілді. Ерлан Қошанов бюджет алдағы үш жылға президенттің сайлауалды бағдарламасы мен партияның міндеттемелерін ескере отырып қалыптасқанын, сондықтан бұл үделердің орындалуы партия мен үкіметтің ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті, деді Төлеген Әлжанұлы.



## АУДАНЫҢ ҚҰРАМА КОМАНДАСЫ - ЖАЛПЫ ЕСЕПТЕ 5-ШІ ОРЫН АЛДЫ

2025 жылдың 20-23 ақпаны аралығында Ақжар ауданы Жалпық ауылында «Солтүстік - 2025» облыстық қысқы спорт мерекесінің финалы өтті. Бұл жарыс сириттік рухтың, төзімділіктің және жеңіске деген ұмтылыстың символына айналды! Жарыс бағдарламасына шайбалы хоккей, дөпты хоккей, керлинг, қысқы Президенттік консайтс, кеншімен жүгіру, шорт-трек, футбол және шаңғы жарысы сияқты спорт түрлері енді.

жеңістің биік тұғырына көтерілді. Дөпты хоккейден сыға түскен спортшыларды жаттықтырушы - В.А. Калининмен баптады.

«Солтүстік - 2025» облыстық қысқы спорт мерекесінде құрама командалар қысқы спорттың 8 түрі бойынша бақ сынасты. Жарыстардың қорытындысы бойынша біздің ауданның құрама командасы облыстың 13 командасының арасынан 5-ші орынды иеленді!

Ауданның құрама командасының барлық спортшылары мен жаттықтырушыларын лайықты марапаттарымен құттықтап, олардың табандылығы, еңбегі мен жеңіске деген сенімі - өскелең ұрпақ үшін нағыз үлгі болғанын атап өтеміз.

Мағжандық спортшыларға жаңа рекордтар, жарқын жеңістер мен жаңа спорттық шыңдарды бағындыруды тілейміз!

**Қанат МҰСАТАЕВ,**  
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.

Шаңғы жарысы аясында ауданның әйелдер командасы шаңғы эстафетасында өнер көрсетіп, қола медаль жеңіп алды.

Жаттықтырушы А.П. Тарабарин баптайтын команда құрамында П. Шербакова, Д. Трошина, М. Валента, А. Бурлева сынды спортшылар аудан намысын абайролы қорғады.

Спортшының күші мен төзімділігі сыналатын қысқы Президенттік консайтс ардагер спортшы Н. Скрипникова 60+ жас санатында чемпион атанды.

Сондай-ақ Д. Трошина 18-20 жас аралығындағы спортшылар арасында қола жүлдені иеленді. Спортшылардың баптаған

тәжірибелі жаттықтырушы А.П. Тарабарин болатын.

Шорт-трек-жылдамдық пен еңгілік талап ететін спорт түрі.

Бұл жарыста мағжандық спортшы А. Порываева қарсыластарына еш мүмкіндік бермей, 500 метр және 1000 метр қашықтықта бірден екі алтын медальды жеңіп алды. Ал Д. Қожамқұлов 1000 метр қашықтыққа жүгіріп, барын салғанымен 2-ші орынды иеленді. М. Смоляков болса, 500 метр қашықтықта бақ сынап, нәтижесінде қола жүлдегер атанды. Спортшыларды жарысқа жаттықтырушы - В.Г. Колесник дайындап өкелді.

Біздің команда ринг-бенди жарыстарының чемпионы атанып,



### БАЙҚАУ

## «МАҒЖАН ОҚУЛАРЫ» - ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНЕ ЕРЕКШЕ САПАР

25 ақпан күні Медвежка орта мектебінде қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы, жерлесіміз, ұлтмақтанышы, сыршыл ақын Мағжан Жұмабаев бабамызға арналған жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында «Мағжан оқулары» республикалық ғылыми-шығармашылық конкурсының аудандық кезеңі болып өтті. Аудандық байқауға 7-11 сынып оқитын 43 оқушы қатысып, бағын сынады.

Мағжан – қазақ поэзиясында қайталанбас қолтаңбасы бар, ұлттық рух пен көркемдікті жырлаған тұлға. Оның шығармалары – елдік пен ерліктің, білім мен бостандықтың символына айналған асыл мұра. Сондықтан болар, қазақ халқы Мағжан Жұмабаевты – көрнекті жазушы, ақын, публицист, қазақ поэзиясының шоқ жұлдыздарының бірі әрі бірегейі ретінде жоғары бағалайды.

Байқауға келер болсақ, ол үш номинацияда бойынша өткізілді. Әділ қазылар алқасы оқушыларды әр номинация бойынша тыңдап, лайықты нәтижелерін шығарды.

Мәселен, «Өлең – менің Шолпаным, Айым, Күнім» – ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысында Родинонова Юлия (Еңбекші-қазақ ОМ) жеңімпаз атанды. Ал Родинонова Анастасия (Возвышенка ОМ) және Карагизов Илияс (Бинаш ОМ) 2 орынды иеленді. Михеева Нелли (Ұзынкөл ОМ), Қайратқызы Қазына (Сарытомар ОМ) және Әділбекұлы Әділхан (Қызыл Қазақстан ОМ) 3 орынды жеңіп алды.

«Жасынан оқу оқып, өнер құған» ғылыми жоба номинациясында Сұрағанов Айсұлтан (Қарақоға ОМ)



жеңіске жетті. Николаенко Анастасия (Ұзынкөл ОМ), Анық Әдемі мен Темірбаева Камила (екеуі де - Возвышенка ОМ) 2 орынды қанжығасына байлады. Ал Айтжанова Жанель (Надежка ОМ), Алиева Анастасия (Бастомар ОМ) және Төлеген Дәрия (Қызыл Қазақстан ОМ) 3 орыннан көрінді.

«Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған» жас ақындар аталымында Дүйсебек Бибіжан (Қарақоға ОМ) 2 орынды

иеленсе, Сапарғалиева Әсел (Қызыл Қазақстан ОМ), Қазтаева Нұрайым (Сарытомар ОМ), Айтпек Айару (Еңбекшіқазақ ОМ) 3 орынды қанағат тұтты.

Байқауға қатысып, жүлделі орын алған қатысушыларға аудандық білім бөлімі дипломдармен қатар, бағалау сыйлықтар тағайындады, мәселен, 1-ші орын үшін Планшетке, 2-ші орын үшін Смарт сағатқа және 3-ші орын үшін

Құлаққапқа сертификаттар табыс етілді. Бұл күнгі Мағжан оқулары – жас ұрпақтың жүрегіне поэзия шуағын шаққан ерекше кеш болды. Ақын жырлары әрқашан рухымызды көтеріп, бізді биікке жетелесін!

**Гүлмира МОЛДАБАЙҚЫЗЫ,**  
аудандық білім бөлімінің курстық дайындық жөніндегі әдіскері.

ӘН БАЙҚАУЫ

## «ҰРПАҚҚА ҰРАН БОЛҒАН - ҰЛЫ ЖЕҢІС»



*«Жүркіреп күндей өтті зей сөгис...» деп ақын Қасым Аманжолев жырлағандай, жүркіреп өткен, қаншама адамды шалғындай жанырып, дүниені астаң-кестең еткен, бес жыл бейбіт дәлрізгі 1418 күн, 1418 түн талайды қар жастандырып, мұз төсендірген сұранып Ықпий дүние жүзілік сөгистың жеңіспен аярағанына биыл – 80 жыл талады.*

Бұл сол кездегі кеңес халқының ержүректілігі мен төзімділігін паш ететін, тарихта мәңгілік есте қалатын күн. Бұл күн соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен жандарды ұлықтайтын күн. Жеңіс күні – елі мен жері үшін жанын пидә еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, еліне оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Бүгінде сол соғысқа қатысып, көзсіз ерлік көрсеткен батырлар көпке үлгі болған, тарихта есімі алтын еріппен жазылған ардагерлерге айналып отыр. Елін қорғап, қасық қанын аямаған жауынгерлердің бәрі біз үшін – батыр! Арада қанша жыл өтсе де Отан үшін от пен оқтың ортасында жан алысып, жан беріскен ерлердің есімі ешқашан ұмытылмақ емес. Ендеше, бейбіт күннің қадірін жастардың санасына сіңіру – маңызды зор міндет.

Мәселен, Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығы қарсаңында, 22 ақпан күні Қарақоға ауылдық

Мәдениет үйінде «Ұрпаққа ұран болған - Ұлы Жеңіс» ұранымен «I AM SINGER KARAKOGA» патриоттық әндер байқауы ұйымдастырылды. Оның мақсаты Ұлы Жеңісті дәріптеу, өз Отанын, туған елін қорғай білуге, Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеруге, оларды үлгі - өнеге тұтуға тәрбиелеу.

Бұл күні байқауға ауданның түкпір-түкпірінен көркемөнерпаздар ағылып, зал көрерменге лық толды. Әнерпаздар арасында мектеп оқушыларымен қатар, тәжірибелі ері танымал өншілер де бақ сынап, қатысушылар жас ерекшеліктері бойынша өнер көрсетті. Конкурс барысында өртістер майдан шебінде жанын пидә еткен жауынгерлердің рухына тамаша туындылар арнап, олардың есімі мәңгі ел есінде болатынын өмінен жеткізе білді. Қатысушылар классикалық соғыс өндерінен бастап қазіргі заманғы композицияларды орындап, сахнада патриоттық рухты паш етті.

Қазылар алқасының мүшелері -

денсаулық сақтаудың үздігі, медицина саласының ардагері, аудандық мәслихаттың екі шақырылымының бұрынғы депутаты, Қазақстанның әйелдері күштерінің Альянсының және аудан ардагерлері жанындағы еріктілер қозғалысының мүшесі Көгершін Қанышева, «Алтын ұрағ» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының директоры Әлия Тілеуп, Булаев қаласындағы кәсіби дайындық және қызмет көрсету колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Батыр Әбілмәжінов, білім беру қызметкерлері кәсіподағы аудандық филиалының төрайымы Надежда Пашенко мағжандық өнерпаздардың өнерін жоғары бағалап, барша қатысушыларға ризашылықтарын білдіріп, Алғыс хаттар табыс етті. Өйткені олардың барлығы Ұлы Жеңісті жырлауға, оның маңыздылығын бағалауға және жауынгерлердің ерлігін еске алуға өз үлестерін қоса білді.

Байқау қорытындысы бойынша 8-12 жас аралығындағы I санатта вокалды топтар

арасында Қарақоға орта мектебінің 2 «Б» сынып оқушылары жеңіске жетсе, жекелей сында Булаев қаласынан келген жас дарын Никита Бравлик жеңімпаз атанды. Ал Сарытомар ауылының намысын қорғаған өнерпаз Ернар Өскен «Көрермендер көзіайымы» жүлдесін иеленді.

13-17 жас аралығындағы II санатта аудан орталығының атынан шыққан өнші Константин Павлов жиналған жұртшылықты өз өнімен баурап, бас жүлдені жеңіп алды.

18-80 жас аралығындағы III санатта «Случайный вальс» өнімен Лидия Бенц (Булаев қаласы) және «Саумалкөл» өнімен Қайрат Жамбай (Сарытомар ауылы) жеңімпаз атанды, ал ұжымдар арасында Қарақоға ауылдық округі ардагерлер кеңесі жанындағы «Карагужинка» вокалды тобы «Песня фронтовых подруг» өнін орындап, талай жеңіске жетті.

Осылайша, жеңімпаздар мен жүлдегерлер шын таланттарын паш етіп, үздіктер қатарынан орын алды. Дипломмен және естелік сыйлықтармен марапатталған байқау жеңімпаздары енді Қарақоға ауылында өтетін 9 мамыр – Жеңіс күніне арналған гала-концертте өнер көрсететін болады.

**Жұлдыз СӨРСЕНБАЕВА,**  
Қарақоға ауылдық Мәдениет үйінің директоры.

### ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ

21 ақпан күні аудандық Мәдениет үйінің сахнасында аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі ұйымдастырған Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығына орай, ауданның кітапхана қызметкерлері арасында «Отты жылдар жаңғырығы» атты аудандық шығармашылық байқауы болып өтті.

Бұл байқау қатысушыларға сөз өнері арқылы Ұлы Отан соғысы жауынгерлерінің ерлігіне деген ризашылығы мен құрметін білдіруге мүмкіндік берген маңызды оқиға болды. Байқау қатысушыларды біріктіріп, олар өлеңдер, прозалар мен авторлық шығармаларды оқумен сол сұрапыл жылдардың терең эмоциялары мен тәжірибелерін жеткізуге тырысты. Іс-шараның басты мақсаты - Ұлы Отан соғысы туралы тарихи жадыны сақтау ғана емес, сол кездегі мәдениет пен әдебиет туралы білімді тереңдету еді.

Ауданның кітапханашылары мен еңбек жолын енді бастап келе жатқан жас мамандар соғыс тақырыбына қатысты шығармаларды түсіндіруге өздерінің таланттары мен қабілеттерін паш етті және ерліктің, батылдың, қорқыныш пен үміттің ең маңызды және эмоционалды тақырыптарын қозғады.

«Соғыс лирикасы» номинациясында аудандық балалар кітапханасының меңгерушісі Ирина Васильевна Глейзис жеңіске жетті, ол Андрей Дементьевтің «Ана туралы баллада» туындысын ұсынды. Айырылудың азабын эмоционалды және мәнерлі түрде сахналай отырып, Ирина Васильевна соғыс даласында туған адамынан айырылу трагедиясын терең жеткізе алды, көрермендердің бойында шығармада берілген күйзелісті шынайылығы мен күшінатты әсер қалдырды.

Орталық кітапхананың библиографы Марина Константинова Мария «Соғыспен шарпылған балалық шақ» номинациясын жеңіп алды, ол Наум Коржавиннің «Освенцимдегі балалар» шығармасын орындады. Қатысушы барлық көрермендердің жүректерін елжіретіп, соғыс жылдарындағы балалық шақ трагедиясын мен сол кездегі қатыгездікті терең аша білді.

«Авторлық орындау» номинациясында Медведка орта мектебінің кітапханашысы Сәуле Маратқызы Мұқановаға тең келер



## «ОТТЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ»

ешкім болмады. Ол соғыс оқиғаларын терең эмоционалды қабылдауды және батырлардың ерлігі үшін мақтаныш білдірудің жарқын үлгісі болған өзінің «Шпес Данк» атты өлеңін паш етті.

Советское ауылдық кітапханасының кітапханашысы Татьяна Михайловна Ивочкина Георгий Рублевтің «Берлиндегі ескерткіш» шығармасымен «Жүрегімен ерлікті сезін» номинациясының жеңімпазы атанды. Ол туындыны орындай отыра, Ұлы Отан соғысының батырларына деген сөзім мен құрмет тередіңді, сондай-ақ жауынгерлердің ерлігін мәңгі есте сақтаудың маңыздылығын жеткізе алды.

Гаврино ауылдық кітапханасының кітапханашысы Нина Александровна Чикунова «Соғыстың зары» номинациясында Валентина Малышоның «Соғыс естелігі» поэмасын орындап, жеңімпаз атанды. Ол туындаушылардың жүрегіне ерекше әсер етіп, халықтың жадында жоғалған азап пен соғыстың өшпес іздерін шебер жеткізе

білді. Жүлдеді орындар келесідей бөлінді: 1-ші орында Молодогвардейское ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлнар Сартайқызы Төлтаева жеңіп алды. Ол Шығыс Айтматовтың «Ана өрісі» өңгімесінен үзінді оқыды, онда ұлынан айырылған ананың қайғысы және майданда Отан үшін жанын берген ұлынан айырылған әйелдің төзгісіз азабы ерекше сипатталған болатын.

2-ші орында Надежда Ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлден Сабирқызы Елубаева иеленді, ол Михаил Ключеровтың «Сәлем жаздым, ағайын» шығармасын ұсынды, онда ол ұлының аясы мен туыстарына жазған хатын оқып, қостасудың терең эмоцияларын, айырылудың күйшішін және соғыс аясында қалған туыстарына деген шексіз сүйіспеншілігін жеткізді.

3-ші орына Александровка орта мектебінің кітапханашысы Камила Александровна Тыштықбаева қол жеткізді, ол

Муса Джалилдің «Чулочки» шығармасын оқып берді. Ол неміс солдаты атып өлтірген қыздың қайғылы тағдыры және қатыгез соғыстың құрбаны болған баланың терең сезімдері туралы баяндап, ал сарбаз болса, өзінің отбасы туралы ауыр естеліктерді еске алады.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар ақшалай сертификаттармен және естелік сыйлықтармен марапатталса, қатысушыларға Алғыс хаттар табыс етілді.

Қатысушылардың орындаған туындылары мен шығармашылық қойылымдары көрермендердің бойында ұмытылмас әсер қалдырып, туған Отанын қорғаған батырлардың ерлігін мәңгі есте сақтауды дәріптеді.

**Сандуғаш БЕКШЕВА,**  
аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі директорының м.а.



# Рамазан

## Ораза кестесі

# 2025

Һижри 1446 жыл

БУЛАЕВ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Сенбі	1 Наурыз	05:29	07:03	12:36	16:02	17:59	19:33
2	Жексенбі	2 Наурыз	05:27	07:01	12:35	16:04	18:01	19:35
3	Дүйсенбі	3 Наурыз	05:24	06:58	12:35	16:06	18:03	19:37
4	Сейсенбі	4 Наурыз	05:22	06:56	12:35	16:07	18:05	19:39
5	Сәрсенбі	5 Наурыз	05:19	06:53	12:35	16:09	18:07	19:41
6	Бейсенбі	6 Наурыз	05:17	06:51	12:34	16:11	18:09	19:43
7	Жұма	7 Наурыз	05:14	06:48	12:34	16:13	18:11	19:45
8	Сенбі	8 Наурыз	05:12	06:46	12:34	16:14	18:13	19:47
9	Жексенбі	9 Наурыз	05:09	06:43	12:34	16:16	18:15	19:49
10	Дүйсенбі	10 Наурыз	05:07	06:41	12:33	16:18	18:17	19:52
11	Сейсенбі	11 Наурыз	05:04	06:38	12:33	16:19	18:19	19:54
12	Сәрсенбі	12 Наурыз	05:01	06:36	12:33	16:21	18:21	19:56
13	Бейсенбі	13 Наурыз	04:59	06:33	12:33	16:23	18:23	19:58
14	Жұма	14 Наурыз	04:56	06:31	12:32	16:24	18:25	20:00
15	Сенбі	15 Наурыз	04:53	06:28	12:32	16:26	18:27	20:02
16	Жексенбі	16 Наурыз	04:51	06:26	12:32	16:28	18:29	20:04
17	Дүйсенбі	17 Наурыз	04:48	06:23	12:32	16:29	18:31	20:06
18	Сейсенбі	18 Наурыз	04:45	06:21	12:31	16:31	18:33	20:09
19	Сәрсенбі	19 Наурыз	04:42	06:18	12:31	16:32	18:35	20:11
20	Бейсенбі	20 Наурыз	04:40	06:16	12:31	16:34	18:37	20:13
21	Жұма	21 Наурыз	04:37	06:13	12:30	16:35	18:39	20:15
22	Сенбі	22 Наурыз	04:34	06:11	12:30	16:37	18:41	20:18
23	Жексенбі	23 Наурыз	04:31	06:08	12:30	16:38	18:43	20:20
24	Дүйсенбі	24 Наурыз	04:28	06:05	12:29	16:40	18:45	20:22
25	Сейсенбі	25 Наурыз	04:25	06:03	12:29	16:42	18:47	20:24
26	Сәрсенбі	26 Наурыз	04:22	06:00	12:29	16:43	18:48	20:27
27	Бейсенбі	27 Наурыз	04:20	05:58	12:29	16:45	18:50	20:29
28	Жұма	28 Наурыз	04:17	05:55	12:28	16:46	18:52	20:31
29	Сенбі	29 Наурыз	04:14	05:53	12:28	16:47	18:54	20:34

- Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.
- Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, кешірімді Алла! Менің бұрыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!
- Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.
- Пітір садақасы жан басына 655 теңге.
- Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.
- Қадір түні – наурыз айының 26-нан 27-не қараған түн.
- Ораза айт – 30 наурыз.



Рамазан кестесін MuftyatBot телеграм ботынан жүктеп алыңыз

Call орталық 24/7  
+7(707)233 30 30

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

### ЕҢБЕК ШАРТЫН ЖАСАУҒА ТЫЙЫМ САЛУЛАР МЕН ШЕКТЕУЛЕР

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 26 бабында еңбек шартын жасауға және жұмысқа орналасуға тыйым салулар мен шектеулер көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚР ҚК) 79 бабы 9 тармағына сәйкес сотталғандықты жою немесе алып тастау өмір бойына тағайындалған қосымша жаза түрімен белгіленген шектеулерді және осы баптың оныншы бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда, осы Кодексте көзделген барлық қылмыстық-құқықтық салдарларды күшін жояды.

Бұл ретте, ҚР ҚК 79 бабының 5 тармағына сәйкес егер соттың үкімі бойынша адамға негізгі жазамен қатар қосымша жаза тағайындалса, онда сотталғандықты жою мерзімі негізгі және қосымша жаза түрлерін өтеу кезінен бастап есептеледі.

Заңнамада Еңбек кодексіне көрсетілген шектеулерден басқа өтелген соттылығы бар адамдар үшін өзге де шектеулер бар.

Яғни, заңнамада соттылық (өтелген немесе жойылған) ұғымымен бірге белгілі бір теріс қылық немесе қылмыс жасау сияқты ұғым, сондай-ақ «бұрын сотталған адам» ұғымы қолданылады. Бұдан әрі заңнамада көзделген өзге де шектеулер көрсетілген.

Мысалы, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 16 бабы 3 тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметке ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бұрын сотталған немесе қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодекстің 35 бабы бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36 бабының негізінде басталған адамды қабылдауға болмайды.

Сондай-ақ, «Құқық қорғау қызметі туралы» Заңның 6 бабы 2 тармағының 9 тармақшасына сәйкес құқық қорғау қызметіне сотталғандығы бар немесе болған не қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі 35 бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде басталған, сондай-ақ мемлекеттік, әскери қызметтен, өзге де құқық қорғау органдарынан, арнаулы мемлекеттік органдардан теріс себептер бойынша шығарылған, сондай-ақ судья өкілеттігін теріс себептер бойынша тоқтатқан адам қабылданбайды.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда соттылық ұғымы еселке алынбайды, бірақ соттылықтың өтелгені немесе өтелмегеніне қарамастан белгілі бір қылмыстық жауаптылық түріне тарту фактісі ескеріледі.

Жұмысқа орналастыру кезінде соттылықпен байланысты барлық құқықтық салдарларды анықтау үшін аймақтық Құқықтық статистика және арнайы еселке алу комитетінің департаментіне (үжкілетті орган) жүгіну қажеттігі туралы қосымша хабарлаймыз.

**Азат КӨШЕРБАЕВ,**  
ҚР ЕХӘКМ Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департамент басшысының орынбасары.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

### 073/Е НЫСАНЫНДАҒЫ АНЫҚТАМАНЫ ЕНДІ EGOV MOBILE МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ РӘСІМДЕУГЕ БОЛАДЫ



Жүргізушілердің ыңғайлылығы үшін 073/е нысанындағы медициналық анықтама енді eGov Mobile мобильді қосымшасында қолжетімді. Бұған дейін бұл қызметті eGov.kz порталында рәсімдеуге болатын және ол іске қосылғаннан бері қазақстандықтар 7 мыңнан астам анықтама рәсімдеді.

073/е нысанындағы медициналық анықтама – көлік құралын басқаруға қарсы көрсетілімдердің жоқтығын рас-

тайтын барлық жүргізушілер үшін міндетті құжат.

Бұрын азаматтар анықтамамы тек қағаз түрінде, терапевт, психиатр-нарколог, офтальмолог және отоларинголог мамандарынан медициналық тексеруден өткеннен кейін ғана ала алатын. eGov.kz порталында қызмет іске қосылғаннан кейін бұл процесс айтарлықтай жеңілдеді – пайдаланушы медициналық тексеруден өтіп, электрондық үкімет порталында өтінім берген соң анықтамамы электронды форматта рәсімдей алатын болды. Енді рұқжатты алу одан да оңай – eGov Mobile мобильді қосымшасын пайдалану жеткілікті.

Қызметті пайдалану үшін: - eGov Mobile қосымшасында авторизациядан өту қажет;

- «Қызметтер» - «Денсаулық сақтау» бөлімін таңдау керек;

- «№ 073/е нысан бойынша медициналық анықтама беру» қызметін таңдау қажет;

- өтінімге Face ID/Touch ID арқылы қол қою қажет.

Өтінім жіберілгеннен кейін анықтама пайдаланушының Жеке кабинетінің тарихында PDF форматында қолжетімді болады. Құжат оны алған сәттен бастап бір жыл ішінде жарамды.

Жаңартылған функционал ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

**Жайнағұл СЕЙДАХМЕТОВА,**  
«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Қоғаммен байланыс басқарманы.

БЖЗҚ ХАБАРЛАЙДЫ

### «БЖЗҚ» АҚ ӨЗ САЛЫМШЫЛАРЫ ҮШІН ЦИФРЛЫҚ ФОРМАТТА ТАҒЫ БІР ЖАҢА ҚЫЗМЕТ ЕНГІЗДІ

«БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) өз салымшылары үшін жаңа цифрлық қызметтерді ұсынуын жалғастыруда. Жыл басынан бері әрбір салымшы мен алушының жинақтау тарихындағы негізгі оқиғалар туралы ақпарат беретін Push-хабарламалардың жаңа цифрлық қызметі сәтті іске асырылды. Қазіргі уақытта бұрын іске асырылған зейнетақы жарнасының түскендігі туралы хабарламаларды жіберумен қатар мынадай маңызды оқиғалар бойынша хабарламалар жолдана бастады:

- жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосылуы, яғни жеке зейнетақы шотының ашылғандығы;
- 18 жасқа толуы;
- зейнет жасына толуы, сәйкесінше, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығының туындауы;
- ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен зейнетақы төлемін алу құқығының туындауы;
- зейнетақы жинақтарының жеке жо-спарын іске асыру мониторингі;
- туған күнімен құттықтау Push-хабарламалар - Қор салымшы-

ларына БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы және eprf.kz сайтындағы жеке кабинет арқылы жіберілетін қысқаша мәлімдеме.

Ұсынылған сервистерді БЖЗҚ мамандары салымшылардың қалауы мен ең көп сұранысқа ие зейнетақы қызметтерін зерделеу негізінде әзірледі. Қордың меншікті сараптау жүйесі (ACRM) арқылы ауқымды көлемдегі деректерді талдау және өңдеу, алушыларды іріктеу, Push хабарламаларды қалыптастырып, жіберу жүзеге асырылады.

Жыл басынан бері Қордың шамамен 223 мыңға жуық салымшысы маңызды оқиғалар туралы хабарлама алды.

Хабарламаларды алу үшін салымшылар БЖЗҚ/ЕНПФ ұялы қосымшасы немесе eprf.kz сайтындағы жеке кабинетте «Push-хабарламалар» бөлімі арқылы жіберілетін жазылулары қажет.

«БЖЗҚ» АҚ өз қызметі барысында салымшыларына қызмет көрсету сапасын жақсартуға әрдайым ұмтылады және цифрлық форматта ұсынылатын сервистер желісін үнемі кеңейтіп отырады. Қазіргі уақытта Қор зейнетақы қызметтерінің 90%-дан астамын онлайн-форматта ұсынады. Салымшылардың сайттағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетте өз шотынан кез келген кезең үшін үзінді көшірме алып, жеке деректемелерін



**БЖЗҚ-дағы жаңа цифрлық қызметтер**

өзгерту, болашақ зейнетақыларының болжамды мөлшерін есептеп, жинақтарының бір бөлігін ИПБ-ның сенімгерлік басқаруына аударып, Ұлттық Банктің басқаруына қайтару туралы өтінім беруге және тағы басқа да мүмкіндіктері бар.

**Марина САРАПИК,**  
«БЖЗҚ» АҚ СҚОФ барып қызмет көрсету бөлімінің бас маманы.

МАМАН КЕҢЕСІ

### ӨНДІРІСТІК БАҚЫЛАУ ДЕГЕН НЕ?

лады. Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 07.05.2023 жылғы №62 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларында (бұдан әрі – №62 Санитариялық қағидалар) белгіленген.

Осы Санитариялық қағидаларда меншік нысанына қарамастан әртүрлі объектілерде, оның ішінде білім беру және тәрбиелеу объектілері үшін өндірістік бақылау жүргізуге қатысты барлық қажетті талаптар көрсетілген.

Қызметі эпидемиологиялық маңызы бар объектілер тізбесіне кіретін жеке және заңды тұлғалар (ҚР ДСМ 2020 жылғы 30 қарашадағы №ҚР ДСМ-220/2020 «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауға және қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиологиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы») бұйрығы) өндірістік бақылауды (өзін-өзі бақылаудың) тиімді жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге және жұмыс жағдайында ұстауға міндетті.

Өндірістік бақылау – бұл адам мен тіршілік ету ортасы үшін қауіпсіздікті және (немесе) зиянсыздықты қамтамасыз етуге бағытталған, жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға орындайтын өндірілетін өнімді, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді зертханалық зерттеулер мен сынақтарды қоса алғанда, іс-шаралар кешені.

Өндірістік бақылаудың мақсаты – халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік-құқықтық актілер талаптарының сақталуын өзін-өзі бақылау объектісінде ұйымдастыру және жүргізу жолымен адам үшін өнімдердің, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін және (немесе) зиянсыздығын қамтамасыз ету болып табылады.

Зертханалық зерттеулер өндірістік зертханалар базасында не Қазақстан Республикасының сәйкестігі бағалау саласындағы аккредиттелген зертханаларды (сынақ орталықтарын) тарта отырып жүргізілуі тиіс.

Олардың кезеңділігін көрсете отырып, зерттеу

түрлерінің тізбесі №62 Санитариялық қағидалардың 1 қосымшасында көрсетілген. Мысалы, білім беру және тәрбие объектілерінде тамақ өнімдерін (шікізат, дайын тағамдар), микробиологиялық, санитарлық-химиялық көрсеткіштерге арналған суды зерттеу, шайындыларды зерттеу, дезинфекциялау құралдарындағы қалдық хлорды анықтау, желдету тиімділігін зерттеу, сондай-ақ объектілерде шу, дріп, микроклимат, жарық, ЭМС кернеулігін өлшеу және басқа зерттеулер жүргізіледі.

Зертханалық талдаулардан басқа, өнімнің қауіпсіздігі мен сәйкестігін растайтын құжаттамалардың, өндірістік бақылау, міндетті медициналық тексерулерді ұйымдастыру және өткізу жөніндегі еселке алу-есеп беру құжаттамаларының болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына қауіп төндіретін авариялық жағдайлар, өндірісті тоқтату, жаппай (үш және одан да көп жағдай) инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулар туралы хабарлау схемаларын әзірлеу қажет.

Объектілерде жүргізілетін өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпаратты тиісті аумақтағы халықтық санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелеріне келесі айдың 5-күніне жартыжылдықта 1 рет ұсынады.

Үй-жайлардағы санитарлық-эпидемиологиялық жағдай баланың өмір сүру сапасына да, оның дамуына да, ересек халықтың денсаулығына да әсер ететін еске ұстаған жөн. Дені сау ұрпақты қалыптастыру үшін жағдай жасау үшін өндірістік бақылау жүргізу қажет.

Тағы да бір аса маңызды ақпарат, ол өндірістік бақылауды жүргізеу, сондай-ақ есепті уақытлы ұсынау тексерулердің жартыжылдық кестелеріне және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) баса отырып, профилактикалық бақылау тізбесіне енгізу үшін субъективті өлшемшарттардың бірі болып табылады.

**Кулсара ӘЛЖАНОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.



Өндірістік бақылау – бұл жұмыс орындарында санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың, гигиеналық нормативтердің сақталуын және санитарлық-эпидемияға қарсы іс-шаралардың орындалуын тұрақты қарау және бақылау жүйесі.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес өндірістік бақылауға денсаулық сақтау, білім беру және тәрбиелеу нысандары (балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу және білім беру нысандары, мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу және балаларды оқытатын интернаттық ұйымдар) өнеркәсіптік және радиациялық сипаттағы нысандары, өндірістік және азық-түлік өнімдерін айналыстығы нысандар, коммунальдық гигиена нысандары: сумен қамту, алаңдар және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және сақтау полигоны, халыққа тұрмыстық қызмет көрсету (бассейндер, аквапарктар, қоғамдық моңшалар және бассейндер) қоса сауналар, сулулық салоны), химиялық заттарды қолдану және сақталу нысандары, жолаушыларды тасымалдайтын көлік құралдары кіреді.

Өндірістік бақылауды жүргізу міндетті болып табы-



Дүйсенбі, 3 наурыз	Сейсенбі, 4 наурыз	Сәрсенбі, 5 наурыз	Бейсенбі, 6 наурыз	Жұма, 7 наурыз	Сенбі, 8 наурыз	Жексенбі, 9 наурыз
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
06.00 ӘНУРАН. 06.05 Д/Ф. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.40 ТАТУ-ТӨТТІ. 13.45 TED. 14.10 АҚПАРАТ. 15.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.50 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 01.40 САНА. 04.05 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 АҚПАРАТ. 14.25 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 14.45 ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСП. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 ҚОС ПАЛАТА. 14.30 «ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫ». 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 00.15 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 03.50 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 14.40 АТАМЕКЕН. 15.00, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 03.00 АШЫҚ АЛАҢ. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.50 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНУРАН. 06.05 ЖӘДІГЕР. 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.10, 02.05 «ТАТУ-ТӨТТІ». 13.45 TED. 14.10, 03.30 «ТЕЛЕДӨРГЕР». 14.45, 01.05 «КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 15.00 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.00 Т/Х «ҚАРА ШАҢЫРАҚ». 17.10 Т/Х «СЕЗІМ ТОЛҚЫНЫ». 20.30, 00.15 АШЫҚ АЛАҢ. 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 04.00 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 13.25 КОНЦЕРТ. 06.30, 17.00, 00.05 АҚПАРАТ. 07.00, 02.40 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 12.00 М/Ф. 15.25, 01.05 Д/Ф. 16.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 17.20, 00.25 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 00.45 ӘЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.00 ЗАМАНДАСТАР. 21.10 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.45 «МОНА ЛИЗАНЫҢ КУПИЯЛАРЫ», Д/Ф. 03.40 АУЫЛДАСТАР.	06.00 ӘНУРАН. 06.05, 12.00 КОНЦЕРТ. 06.30 Д/Ф. 07.25 АҚПАРАТ. 07.45, 17.10, 21.00 КӨҢІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.45 Д/Ф. 09.25, 03.25 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00, 18.00 Т/Х «ТАҒДЫР ЖАЗУЫ». 14.00 М/Ф. 15.25, 02.00 «ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ» Д/Ф. 16.10 ӘЙЕЛ ӘЛЕМІ. 20.00, 00.55 АПТА. 20.50, 01.45 АҚОРДА. 22.20 «ҚЫЗ ЖІБЕК» Х/Ф. 02.35 «СОҢҒЫ ЖУМАҚ: ГАЙАНА» Д/Ф. 03.55 «КУМИС КӨМЕЙ». 04.40 АУЫЛДАСТАР.

Дүйсенбі, 3 наурыз	Сейсенбі, 4 наурыз	Сәрсенбі, 5 наурыз	Бейсенбі, 6 наурыз	Жұма, 7 наурыз	Сенбі, 8 наурыз	Жексенбі, 9 наурыз
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «КОМИССАРША». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/Х «ҚАРА ЖӨШІК». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «КОМИССАРША». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ҚАРА ЖӨШІК». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «КОМИССАРША». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ҚАРА ЖӨШІК». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «КОМИССАРША». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 13.15, 19.00 Т/С «ҚАРА ЖӨШІК». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-2». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30 Т/С «КОМИССАРША». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 FAST СНЕСК. 11.55 КІТАП. 12.00 «ДӘСТҮР». 12.45, 21.45 Т/Х «КЕЛІНЖАН-5». 13.25, 19.00 Т/С «ҚАРА ЖӨШІК». 14.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.45 Т/С «ПРЕЗУМИЦИЯ НЕВИНОВНОСТИ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.30 ТАМАША. 22.45 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00, 20.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОНТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.35 М/Ф «КОРГН ПО ИМЕНИ МОКО. ЗАЩИТНИКИ ПЛАНЕТЫ». 12.00, 21.00 «НЕФНОСНЫЕ ЛЕДИ» Х/Ф. 14.00 «XXI ФАСЫР КӨШБАСЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫК TIMES. 16.15, 23.00 «ӘКІМ ӘЙЕЛ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІҢ НАЗАРДА. 19.00 COVER SHOW. 01.00 ҚР ӘУРАНЫ.	05.00 ЖЕТІ QAZYNA. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «БАЛЕРИНА». 12.00, 21.00 «ЛЕМОНИ СНИКЕТТ И ЗЗ НЕСЧАСТЬЯ» Х/Ф. 14.00 COVER SHOW. 15.30 ОЙНАІQ. 16.15, 23.00 «ДУБАЙ ЛЮБОЙ ЦЕНОЙ» Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫК TIMES. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 3 наурыз	Сейсенбі, 4 наурыз	Сәрсенбі, 5 наурыз	Бейсенбі, 6 наурыз	Жұма, 7 наурыз	Сенбі, 8 наурыз	Жексенбі, 9 наурыз
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.10 «МИНУС ОДИН», Х/Ф. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 01.45 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 Т/С «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ». 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.15 НОВОСТИ. 14.15, 01.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЗНАХАРЬ». 00.20 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 02.55 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 02.15 П@УТИНА». 07.00, 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 10.05 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 11.00 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.50 «ЧЕГО ХОТЯТ ЖЕНЩИНЫ», Х/Ф. 13.00 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.50 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.05 Т/С «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНОЙ ПАРЫ». 03.30 ТОЙ БАЗАР.	06.00, 03.00 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 02.20 «П@УТИНА». 09.00 АЙМАҚ БЕСЕДЫ 09.35 «ПРИГОВОР ИДЕАЛЬНОЙ ПАРЫ» Х/Ф. 13.30 «ЛЮБОВЬ БЕЗ ПАМЯТИ» Х/Ф. 17.20 ТРИ АККОРДА. 19.00 KÖREMİZ-ШОУ. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАП МЕН ЕЛ. 20.55 «СЛОВНО НЕ БЫЛО РАЗЛУКИ» Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 03.05 ТОЙ БАЗАР. 07.35, 02.20 «П@УТИНА». 09.05 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ 09.20 ПОВАРА НА КОЛЕСАХ. 10.05 Т/С «СЛОВНО НЕ БЫЛО РАЗЛУКИ». 14.15 «ТОЛЬКО НЕ ОТПУСКАЙ МЕНЯ» Х/Ф. 18.10 «НЕ ГОВОРТЕ МНЕ О НЕМ» Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ЗАВТРАК В ПОСТЕЛЬ». 00.40 «ФАНТАСТИКА СЛЕДУЮЩИЙ УРОВЕНЬ».

*Балаға қай тілде білім берсең, түбі сол ұлтқа қызмет етеді.*  
**Мұстафа ШОҚАЙ.**  
*Қазақ тілінің арғы атасы көне түркі тілі.*  
**Шоқан УӘЛИХАНОВ.**



ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ КУРСТАР  
**КУРСТАН ӨТІП,  
ЖҰМЫСҚА КІРІСТІ**



Морозова Надежда Владимировна – ерекше қыздық анасы. Ол «Тігінші» қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарының үздік студенттерінің бірі.

Надежда Владимировна өзін «Тігінші» саласында сынап көруді шешіп, жаңа білім, дағдылар мен тәжірибе алғысы келді. Нәтижесінде Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығының филиалына хабарласқаннан кейін оған 2024 жылдың қыркүйегінде «Черняева Зарина Рашидовна» ЖК-де «Тігінші» курсы бойынша үш айлық қысқа мерзімді оқудан өту ұсынылды.

Н.В. Морозова қуана келісіп, барлық қажетті құжаттар пакетін жинаған соң, оқуға кірісті. Ол өзінің оқуына аса жауапкершілікпен қарап, еңбекқорлығын арқасында алдыңғы қатардағы студент болды.

Курстың қорытындысы бойынша оған дипломмен қоса Алғыс хат табысталды.

Қазіргі уақытта Надежда Владимировна «Черняева Зарина Рашидовна» ЖК жұмысқа тұрып, оқыту кезінде алған дағдыларын жетілдіруді жалғастыруда.

Мария АЛИБАЕВА,  
Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалының маманы.

САНАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

**ҚЫСҚАМЕРЗІМДІ  
ОҚУҒА  
ШАҚЫРАДЫ**



Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы 2025 жылы электрлік, бухгалтер, аспазшы, бағдарламашы, тракторшы, электргазбен дәнекерлеуші мамандықтары бойынша қысқа мерзімді оқуға қабылдау жүргізеді.

Оқу мерзімі - 3 ай. Оқыту Петропавл қаласындағы оқу орындарында өтеді, шөкіртақы, жол жүру және тұру ақысы да төленеді. Аяқтағаннан кейін қысқа мерзімді оқудан өткені және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасқаны туралы сертификат беріледі.

Сондай-ақ, жұмыс берушіде жұмыс орнында тігінші мамандығы бойынша қысқа мерзімді оқудан өтуге қабылдау жүргізледі, оқу мерзімі - 3 ай, оқу бітіргеннен кейін бүкіл оқу барысында жалақы төлеу сертификат және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналасу беріледі. Біздің мекен-жайымыз: Булаев қаласы, Мир көшесі, 8А.

Жұмыс телефоны: 2-81-54, 2-81-94.  
Ұялы телефон: 8-775-007-88-51.

Мағжан Жұмабаев ауданының мансап орталығы филиалы.



**«ӘЛЕМ ӘРТҮРЛІ ТІЛДЕРДЕ СӨЙЛЕЙТІНДЕР ҮШІН  
ӘРҚАШАН ДА АШЫҚ»**

Фурманов орта мектебінде ақпан айында дәстүрлі тілдер апталығы өткізілді. Апта қызықты және мазмұнды болды, ол оқушыларды тілдерді ғана емес, сонымен қатар сол тілде сөйлейтін халықтың дәстүрлеріне тереңірек үйілуге ынталандырды. Тілдер апталығы «Әлем әртүрлі тілдерде сөйлейтіндер үшін әрқашан да ашық» ұранымен өтті. Әрбір күн белгілі бір тілге немесе үштілділікке арналып, тілдік сауаттылық пен мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралар өткізілді.

Дүйсенбі: «Тілдер күні». Апта салтанатты ашылумен басталды, мектептің фойесі мерекеге орай безендірілді. «Үш тіл – бір рух» ұранымен өткен саптузее барысында флешмоб ұйымдастырылды, ол барлық сынып оқушыларын біріктірді. 5-11 сынып оқушылары үш тілде көвестке қатысып, ал үзілістерде ойындар ұйымдастырылды. Сонымен қатар, орыс тілі және әдебиеті мұғалімі А.Н. Жақсылықова 8-ші сыныпта «А.П. Чеховтың тулғасы мен шығармашылығы» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сейсенбі: «Орыс тілі күні». Сейсенбі таңғы амандасу мен дәстүрлі тоқаштармен басталды. Оқушылар көвестке қатысып, орыс тілі мұғалімдері оқушылар үшін тақырыптық фотоаймақ ұйымдастырды. 9-шы сыныпта орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі И.В. Дорошенко «Оқу сауаттылығы. Қазіргі жасөспірім» тақырыбында ашық сабақ өткізді. Күн соңында үзілістерде жұмбақтар мен белсенді ойындар болды.

Сәрсенбі: «Ағылшын тілі күні».

Сәрсенбі ағылшын тіліне арналды. Ағылшын тілі мұғалімдері Л.Ю. Ромашкина, З.М. Галимова және О.Ю. Захарова ұйымдастырған таңғы амандасу мен дәстүрлі тамақтан кейін ағылшын тілінде көвест және тақырыптық фотоаймақ күнді қызықты өтті. 4-ші сынып үшін «Варана gases» атты сыныптан тыс шара үлкен қызығушылық тудырды, сондай-ақ «Sights» атты колөнер көрмесі ұйымдастырылды, 11-ші сыныпта «Energy Storage Solutions» тақырыбында ашық сабақ өткізілді, онда оқушылар жасанды интеллектпен жұмыс істеу дағдыларын көрсетті. Сондай-ақ, оқушыларға «Құпия хат» поштасы дайындалды.

Бейсенбі: «Қазақ тілі күні». Бейсенбі ұлттық амандасу және бауырсақтар үлестірумен басталды. Бұл күні қазақ тілінде көвест өткізіліп, З.А. Қуандықова және Ф.К. Тілеуова тақырыптық фотоаймақты ұйымдастырды. Бақтаушы сынып оқушылары үшін «Ұлттық ойын – ұлттық мұрасы» атты сыныптан тыс шара өткізіліп, онда оқушылар ұлттық

ойындардың түрлерімен танысты. 5-11 сыныптар үшін Абай Құнанбайұлының 180-жылдық мерейтойына орай «Қазақтың ұлы ақыны – Абай» атты суреттер көрмесі ұйымдастырылды. Алдыңғы күндердегідей үзілістерде жұмбақтар мен белсенді ойындар өтті.

Жұма «Түрлі-түсті күн». Аптаның соңғы күні ерекше болды. Оқушылар үш тілде көвестке қатысып, онда поэтикалық шығармашылықты көрсету қажет болды. 5-11 сыныптар үшін «Шығармашылық кеш» ұйымдастырылды, онда оқушылар үш тілде өлеңдер оқып, сахналық қойылымдар көрсетті, әндер айтып, халық билерін орындады. Аптаның соңында байқауларға және көвестке қатысушылар марапатталды. Үзілістердегі ойындар оқушыларға одан да көп қуаныш пен көңіл сыйлағанын атап өткен жөн.

Фурманов орта мектебінде тілдер апталығы жоғары деңгейде өтіп, оқушыларды жаңа білімдер және мәдени дәстүрлермен байытып, тілдерді үйренуге және мәдениетаралық қарым-қатынасқа деген қызығушылықтарын нығайтты.

Людмила РОМАШКИНА,  
гуманитарлық бағыт пәндері  
өдістемелік бірлестігінің жетекшісі.  
Фурманов орта мектебі.

ШАҒҒЫ ЖАРЫСЫ БОЙЫНША ОБЛЫС КУБОҒЫ

**ЖАРЫС ЖОЛЫНДА ЖАС ШАҒҒЫШЫЛАР**

17-19 ақпаны аралығында Петропавл қаласында шағғы жарысы бойынша облыс кубогының III кезеңі өтіп, оған облыс аудандарынан және Петропавл қаласынан 200 шағғышы қатысты.

Жарыстың алғашқы күні еркін стильдегі шағғы жарысы өтіп, 2007-2008 жылы туған жас тобында 5 шақырым қашықтықта бақ сынаған Жанель Нуралина қола медаль иеленді.

2009-2010 жылы туған жас тобында 5 шақырым қашықтықта Матвей Шевкун күміс медаль жеңіп алды.

Жарыстың екінші күні эстафеталық жарыстар өткізіліп, үлкен топта Жанель Нуралина мен Валерия Никитина 2-ші орынды жеңіп алды.

Орта жас тобында Матвей Шевкун, Талгат Сабиров және Анастасия Биро өнер көрсетіп, олар қола жүлдегерлер атанды.

Осы шағғы маусымында біздің шағғышыларымыз А.П. Тарабарин мен И.И. Боблев сынды жаттықтырушы-оқытушылардың жетекшілігімен жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Жаттықтырушылар мен жас спортшыларды айтулы жетістіктерімен құттықтап, алдағы жарыстарда жеңіс тілейміз.

Владимир КУРНИШКО,  
БЖСМ басшысының орынбасары.



Директор - бас редактор  
Пестя ГОНЧАР  
Газеттің мәшік несі:  
«Газета «Весты» ЖНПС

Редакцияның мекен жайы: 1508800 Сағұттық  
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,  
Булаев қаласы, Батыр Баби көшесі, 13 үй.  
Тел: 2-17-49.  
Басылым нөмірі: 65360  
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына  
1 рет бейсенбі күні  
шығады

«Мағжан Жұлдызы» газеті  
редакцияда теріліп беттеледі.  
«Сперный Казахстан»  
басыпаханасында басылады.  
(Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй).  
Тарадымы - 700

Газет аудан өкімінің, аудандық  
мәжілістің талпырысы бойынша  
шығарылады және газеттер арқылы  
мемлекеттік қызметкерлер саясатты  
жүргізудегі ресми басқалым болып  
табылады